

**ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)**

2017 • 2

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ**

БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

**НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

REPORTS

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫГА БАСТАФАН

ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.

PUBLISHED SINCE 1944



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАЯНДАМАЛАРЫ

2017 • 2

Бас редакторы
х.ғ.д., проф., ҚР ҮФА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Редакция алқасы:

Адекенов С.М. проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)
Боос Э.Г. проф., академик (Қазақстан)
Величкин В.И. проф., корр.-мүшесі (Ресей)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Белорус)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Тәжікстан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Қазақстан)
Нараев В.Н. проф. (Ресей)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Ұлыбритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Ұлыбритания)
Омбаев А.М. проф. (Қазақстан)
Өтелбаев М.О. проф., академик (Қазақстан)
Садыбеков М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сатаев М.И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Северский И.В. проф., академик (Қазақстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Харин С.Н. проф., академик (Қазақстан)
Чечин Л.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Кытай)
Эркебаев А.Ә. проф., академик (Қыргыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы к.)
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрагат комитетінде 01.06.2006 ж.
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне койылу туралы күелік

Мерзімділігі: жылдан 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы к., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы к., Муратбаева көш., 75.

ДОКЛАДЫ
НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2017• 2

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н на я кол л е г и я:

Адекенов С.М. проф., академик (Казахстан) (зам. гл. ред.)
Боос Э.Г. проф., академик (Казахстан)
Величкин В.И. проф., чл.-корр. (Россия)
Вольдемар Вуйчик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Беларусь)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Таджикистан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Казахстан)
Нараев В.Н. проф. (Россия)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Великобритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Великобритания)
Омбаев А.М. проф. (Казахстан)
Отелбаев М.О. проф., академик (Казахстан)
Садыбеков М.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Сатаев М.И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Северский И.В. проф., академик (Казахстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Харин С.Н. проф., академик (Казахстан)
Чечин Л.М. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Китай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Кыргызстан)

Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»
ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан»
(г. Алматы)
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбая, 75

REPORTS

OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

2017 • 2

E d i t o r i n c h i e f
doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

Adekenov S.M. prof., academician (Kazakhstan) (deputy editor in chief)
Boos E.G. prof., academician (Kazakhstan)
Velichkin V.I. prof., corr. member (Russia)
Voitsik Valdemar prof. (Poland)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Gordiyenko A.I. prof., academician (Belarus)
Duka G. prof., academician (Moldova)
Ilolov M.I. prof., academician (Tadzhikistan),
Leska Boguslava prof. (Poland),
Lokshin V.N. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Narayev V.N. prof. (Russia)
Nekludov I.M. prof., academician (Ukraine)
Nur Izura Udzir prof. (Malaysia)
Perni Stephano prof. (Great Britain)
Potapov V.A. prof. (Ukraine)
Prokopovich Polina prof. (Great Britain)
Ombayev A.M. prof. (Kazakhstan)
Otelbayev M.O. prof., academician (Kazakhstan)
Sadybekov M.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Satayev M.I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Severskyi I.V. prof., academician (Kazakhstan)
Sikorski Marek prof., (Poland)
Ramazanov T.S. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Takibayev N.Zh. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Kharin S.N. prof., academician (Kazakhstan)
Chechin L.M. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Kharun Parlar prof. (Germany)
Endzhun Gao prof. (China)
Erkebayev A.Ye. prof., academician (Kyrgyzstan)

Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2224-5227

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz> / reports-science.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 2, Number 312 (2017), 78 – 90

**S.A. Mashekova¹, B.N. Absadykov², M.M. Akimbekova¹,
E.A. Tusupkaliyeva¹, M.R. Maulenova¹**

¹K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty;

²A.B. Bekturov Institute of Chemical Sciences, Almaty

mashekov.1957@mail.ru, b_absadykov@mail.ru

**FINITE ELEMENT MODEL OF ELASTO-PLASTIC DEFORMATION
OF SHEET METAL IN CORRUGATED ROLLS
AND LONGITUDINAL-WEDGE MILL**

Annotation. This article describes the current state and methodological features of numerical modeling of the processes of processing of metal by pressure, the main problem points of traditional methods are identified. The problematic issues of mathematical modeling and, therefore, the study of the strain-deformation state of the processes of metal processing by pressure are analyzed. This article provides a defining system of equations for describing the processes of warp deformation in screw-shaped rolls and a longitudinal-wedge mill, and the finite element method of its solution. The main stages of creating a finite element model in the MSC.Super Forge software package are described, as well as a method that allows us to predict the deformation distribution in the volume of the deformable metal taking into account the microstructure features.

Keywords: processing of metal by pressure, rolling, screw-shaped rolls, longitudinal-wedge mill, finite element method, deformation intensity, stress intensity, temperature.

**С.А. Машеков¹, Б.Н. Абсадыков²,
М.М. Акимбекова¹, Э.А. Тусупкалиева¹, М.Р. Мауленова¹**

¹К.И. Сатбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан;

²Ә.Б. Бектуров атындағы Химияғылымдары институты, Алматы қ., Қазақстан

**БҮРАНДАЛЫ ПІШІНБІЛІК ПЕН БОЙЛЫҚ-СЫНАЛЫ ОРНАҚТА
ТАБАҚТЫ-МЕТАЛДЫ СЕРПІМДІ ПЛАСТИКАЛЫҚ
ДЕФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ШЕТКІ-ЭЛЕМЕНТТЕКІ МОДЕЛІ**

Аннотация. Мақалада металдарды қысыммен өңдеу процестерін сандық модельдеудің қазіргі уақыттарғы жағдайы және методологиялық ерекшеліктері жазылған. Дәстүрлі әдістемелердің негізгі мәселелері көрсетілген. Металдарды қысыммен өңдеу процестерін математикалық модельдеудің, осымен бірге кернеулі-деформациялық күйді зерттеудің мәселелері талқыланған. Мақалада бойлық-синалы орнақ пен бұрандалы пішінбілікті дайынданамы деформациялауды бейнелеу үшін қолданылатын анықтаушы тендеулер жүйесі және осы тендеулерді шешетін шеткі элемент әдістемесі көлтірілген. MSC.Super Forge кешенді бағдарламасында шеткі-элементтік модельді құрудың негізгі сатылары, ал тағы да микрокұрылымды ескеріп деформацияланатын көлемде деформацияның таралуын болжауға мүмкіндік беретін әдістеме бейнеленген.

Түйін сөздер: металдарды қысыммен өңдеу, илемдеу, бұрандалы пішінбілік, бойлық-синалы орнақ, шеткі элемент әдісі, деформация қарқындылығы, кернеу қарқындылығы, температура.

Металдарды илемдеген кезде жайма материалдарының кернеулі-деформацияланған күйін (КДК) есептеу үшін аналитикалық әдістерді қолданудың шектері бар. Ең бастысы, оларға өзара әрекеттесетін нысандар геометриясының күрделілігін, пайдаланылатын материалдар қасиеттерінің сзықты болмауын, сонымен қатар, беттердің жанасып әсерлесуінің ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін жатқызуға болады. Сондықтан, металдарды қысыммен өңдеу (МҚӨ) есептерін шешу үшін сандық әдістерді қолдану кең таралымға ие болды, мәселен – шеткі элементтер әдісі.

Бұл әдістің мәніне стандартты элементтерді қолданып тұтас ортаны дискретті бейнелеуді жаткызады [1]. Осы стандартты элементтер үшін күш пен деформация арасындағы өзара байланысты орнататын пішінөзгерту функциясы белгілі. Бір нысан элементтері өзара түйін нұктелерінде байланысқан, олар жақын элементтер үшін ортақ болып табылады. Шешімін табудың барлық қажетті шекаралық шарттарын бергеннен кейін, бар еркіндік дәрежелері бойынша барлық түйін нұктелерінің орын ауысуын сипаттайтын дербес туындылардың дифференциалдық теңдеулер жүйесі құрылады және шешіледі, оған қоса нысанның кернеулі-деформацияланған күйі анықталады.

Жалпы жағдайда, шеткі элементтер әдісін (ШЭӘ) қолданып металдарды қысыммен өндеудің КДК есетеу келесі негізгі сатылардан тұрады [1]:

1. Зерттеу нысанының геометриясын тұрғызу (қойылған мақсатқа байланысты екіөлшемді немесе үшөлшемді);

2. Бастапқы деректерді беру (пайдаланылатын шеткі элементтер түрін және қасиеттерін тандау, материалдар қасиеттерін беру);

3. Зерттеу нысанының шеткі элементтік моделін құру (шеткі элементтер торы түрінде геометриялық модельді ұсыну);

4. Модельдің жүктелуі мен бекітілуінің шекаралық шарттарын беру (жүктемелерді түсіру, модель түйіндеріне берілген еркіндік дәрежелері бойынша орын ауыстыруларға шектеу қою, модель элементтері арасында түйісу және басқа өзара әрекеттесудің түрлерін теңдеулермен сипаттау);

5. КДК есетеу (қолданылатын есеп шешкіштің түрі мен қасиеттерін беру және есепті шешудің жүрісін анықтайтын басқақүйге келтірушілерді беру. Есептеу автоматты тұрде жүргізіледі).

Жұмыстың алғашқы сатыларының бірі болып зерттелетін нысаның геометриясын құру саналады. Өйткені, КДК көрсеткіштерін және деформацияланатын дайындаламаны құратын элементтердің жүктелуін зерттеген кезде геометрия аса маңызды мәнге ие болады (нысаның құрылымдық ерекшеліктерін геометриялық әртүрлі бейнелеу, әртүрлі кернеу концентрацияларын тудырудың нәтижесінде КДК параметрлерін есептеудің әртүрлі нәтижесіне алып келеді).

Пішіні әртүрлі пішінбіліктерде илемдеген кезде пайда болатын металл ағысы стационарлы процесс болып табылмайды. Өйткені үйкеліс жағдайы үнемі өзгеріп отырады. Бұл есепті екі өлшемді деформацияға келтіруге мүмкіндік бермейді, яғни үш өлшемді математикалық модельжасау талап етеді. MSC.Super Forge бағдарламасын қолданып құрылымы құрделі пішінбіліктерде жолақтарды илемдеуді зерттеу үшін жасалған модельдер, құрделі пішіні бар құралмен шектелген көлемдегі үлкен пластикалық деформацияларды ескереді.

Анықтауыш теңдеу жүйесі. Осы жұмыстатаңғы металлды бұрандалы пішінбілік пен бойлық-синалды орнақта илемдеген кезіде пайда болып, динамикалық өзгеретін КДК анықтау қажет болды. КДК есетеу үшін келесі функцияларды пайдаланамыз [2,3]:

$$\begin{aligned} \sigma_{ij} &= \sigma_{ij}(x, y, z, t); \\ x &= x(x_0, y_0, z_0, t); \\ y &= y(x_0, y_0, z_0, t); \\ z &= z(x_0, y_0, z_0, t); \\ \rho &= \rho(x, y, z, t), \end{aligned} \quad (1)$$

Мұндағы x_0, y_0, z_0, x, y, z – деформацияланатын дененің материалдық нұктесінің бастапқы және ағымдық координаталары; ρ – тығыздығы; t – уақыт.

Осы шамаларды анықталатын механикалық айнымалылар деп атайды. Оларды уақыттың кез-келген мезетінде деформациялау ошағында табады.

(1) функциялармынандағы қозғалыс пен үзіксіздіктің дифференциалдық теңдеулерімен байланысқан [2,3]:

$$\left. \begin{array}{l} \sigma_{ij,j} + \rho g_i = \rho \omega; \\ \frac{d\rho}{dt} + \nu v_{i,j} = 0. \end{array} \right\} \quad (2)$$

(2) формуласы он белгісізді (σ_{ij} үшін алты, ω_i үшін үш, оған қоса тығыздық ρ) байланыстырыттындықтан, тұтас орталар механикасының математикалық әдістерімен оларды шешу қынға соғады.

Меншікті масса күштері гмен үдеу ω мәндері МҚӨ көптеген процестерінде жеткілікті аз мәндерге иемденген және оларды ескермеуге болады. Сонда (2) формуланы келесі тепе-тендік дифференциалдық теңдеуіне түрлендіруге болады [2,3]:

$$\sigma_{ij,j} = 0. \quad (3)$$

(1) теңдеулер жүйесін шешу үшін алты теңдеу жетіспейді. Бұл теңдеулерді илемдеу теориясында деформацияланатын металл қасиеттеріне байланысты анықтайды. Илемдеу теориясында бұл алты теңдеуді КДК физикалық байланыс теңдеуі деп атайды [2,3].

Кернеу мен деформация жылдамдығы девиаторларының сынарлары көптеген жағдайда пропорционалды байланыста болатындығы илемдеу теориясынан белгілі [2,3]. Пластикалық деформация теориясында мұндай пропорционалдылықты кернеу мен деформация жылдамдығы девиаторларының пропорционалдығы деп атайды.

Кернеу мен деформация жылдамдығы девиаторларының пропорционалды байланыс болжамын пайдалана отырып, келесі формуланы жазуға болады [2,3]:

$$D_\sigma = \psi D_\xi; \sigma_{ij} - \sigma \delta_{ij} = \psi \left(\xi_{ij} - \frac{1}{3} \xi \delta_{ij} \right), \quad (4)$$

мұндағы ψ – скалярлы көбейткіш.

Скалярлы көбейткіштің ψ шамасын келесі қатынастың көмегімен анықтауға болады [2,3]:

$$\psi = \frac{2T}{H}, \quad (5)$$

мұндағы T – жанасу кернеуінің қарқындылығы; H – ығысу деформациясы жылдамдығының қарқындылығы.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, илемделетін дайындаманың КДК есептеу үшін мыналарды анықтау кажет [2,3]: деформация ошағының әрбір нүктесінде бөлшектің қозғалу траекториясы; деформациялау және кернеу күйлерінің көрсеткіштері. Кернеу мен деформация тензорларының және деформация жылдамдығы тензорының алты сынары, ағыс жылдамдығы векторының үш сынары деформацияланатын дайындаманың КДК сипаттайтындықы жоғарыда келтірілген жұмыстардан белгілі.

Илемдеудің серпімдіпластикалық есептерін шешкен кезде, массаның, импульс пен энергия сақталу заңдарының салдарынанпайда болатын теңдеулер жүйесін пайдаланады. Координаттардың декарттық жүйесінде тензорлық түрде қолданылатын негізгі теңдеулер келесі түрге иемденді [2,3]:

деформацияның үзіксіздік теңдеуі:

$$\frac{dS}{dt} + \nu v_{i,j} = 0; \quad (6)$$

көлем тұрақтылығының шарттары:

$$V_0 \rho_0 = V \rho; \quad (7)$$

қозғалыс теңдеуі:

$$\rho \dot{v}_i = \sigma_{ij,j}; \quad (8)$$

жылуоткізгіштік теңдеуі:

$$\gamma \Delta \theta + TH + \sigma \xi = c \rho \frac{d\theta}{dt}; \quad (9)$$

кинематикалық қатынастар:

$$\xi_{ij} = 1/2(v_{i,j} + v_{j,i}); \quad (10)$$

сығылмаушылық теңдеуі

$$v_{i,i} = 0, \quad (11)$$

Мұндағы (γ – жылуоткізгіштік коэффициенті; $\Delta = \frac{\partial^2}{\partial x^2} + \frac{\partial^2}{\partial y^2} + \frac{\partial^2}{\partial z^2}$ – Лаплас дифференциалдық операторы; θ – деформацияланатын дененің материалдық бөлшегінің температурысы; c – меншікті массалық жылусыйымдылық; σ_{ij} – кернеу тензорының сыңарлары: $\sigma_{ij} = -\delta p + s_{ij}$, мұндағы p – $p = p(\rho, e)$ функциясы ретінде анықталады.

Мизес аққыштығының шарттары орындалған кезде, қатты дененің серпімдіпластикалық ағысын Прандтль – Рейс түріндегі физикалық қатынастармен былай бейнелеуге болады [4]:

$$\dot{s}_{ij} + \lambda s_{ij} = 2\mu \left(\xi_{ij} - \frac{\xi_{ij}\delta_{ij}}{3} \right), \quad (12)$$

$\lambda > 0$ мәнінде деформация пластикалық күйде болады, $\lambda = 0$ мәнінде - деформация серпімді күйде болады.

(1 – 12) теңдеулерінде келесі белгілер пайдаланылған [2,4]: σ_{ij} , s_{ij} , ξ_{ij} – кернеу тензорының, кернеу девиаторының және деформация жылдамдығы тензорларының сыңарлары (сәйкесті жазылған); p – қысым; V – көлем; ρ – тығыздық; δ_{ij} – Кронекер символы; i, j индекстерінің әркайсысы ретпен 1, 2, 3 мәндерін қабылдайды. Уақыт бойынша туындыны айнымалының үстіне қойылған нұктесінде білдіреді. Сәйкесті кеңістікті айнымалы бойынша туындыны төменгі индекстер арасындағы үтір білдіреді.

Жоғарыда келтірілген жүйені реологиялық теңдеу аяқтайды. Ол деформация кедергісін деформация дәрежесімен, деформация жылдамдығымен және температурамен байланыстырады:

$$\bar{\sigma} = \bar{\sigma}(\varepsilon_{\text{экв}}, \xi_{\text{экв}}, \theta), \quad (13)$$

мұндағы $\bar{\sigma}$, $\varepsilon_{\text{экв}}$, $\xi_{\text{экв}}$ – эквиваленттік кернеу, деформация және жылдамдық дәрежесі (сәйкесті жазылған).

Күрал беті бойымен металдың сырғуы жүретін беттік аймақта, шекаралық шарттар аралас болып табылады. Мұнда материалдың жылдамдығы откізуеушілік шартын, ал пайда болатын кернеулар – үйкеліс шартын қанағаттандыру қажет. Откізуеушілік шарты келесі түрде көрсетіледі:

$$v_i n_i = 0, \quad (14)$$

яғни жылдамдық векторының v беттің нормалінен проекциясы нолге тең.

Жасалған модельде үйкелісті ескеру үшін, А.Н.Леванов ұсынған және тәжірибеде тексерілген үйкеліс заңы қолданылады [5]:

$$F_t = m \frac{\bar{\sigma}}{\sqrt{3}} \left(1 - e^{-1,25(\sigma_n/\bar{\sigma})} \right), \quad (15)$$

мұндағы F_t – үйкеліс кернеуі; m – үйкеліс факторы; σ_n – қалыпты жанасу кернеуі; $\bar{\sigma}$ – деформация кедергісі.

Сонымен қатар, дайындаудың жылулық процестері де модельденеді. Деформациялаған кездегі дайындаудың температуралық өрісін есептеу үшін пішінөзгертудің алдындағы дайындауда жылуудың таралуын, яғни бастапқы жылулық шекаралық шарттарды білу қажет. Жылуоткізгіштік теңдеуі үшін шекаралық жылулық шарттар мынандай түрде беріледі: конвективті жылуалмасу мен бос бетте сәулеленумен жылу беру; үйкелістін металл мен құралдың жанасатын бетінде жылу бөлінуді ескеріп, құрал мен металл жанасқан кездегі беттік жылуалмасу.

Жалпы алғанда, З өлшемді ағыста кернеу, деформация мен деформация жылдамдығы тензорының барлық сыңарлары нолге тең емес екені белгілі. Сондықтан есептелуі қажет. Алайда, кернеу, деформация мен деформация жылдамдығының тензорлары визуалды елестетуге (визуалдауға) киын нысан болып келетіндіктен, тәжірибелік мақсатта кернеу, деформация мен деформация жылдамдығының қарқындылықтары сияқты қарапайым көрсеткіштерді пайдаланған. Кейбір жағдайларда бұл шамаларды нәтижелі кернеу, деформация және деформация жылдымдығы

деп атайды. Бөл мөлшерлер өздеріне кернеу, деформация мен деформация жылдамдығының барлық сындарларын кіргізіп, келесі формулалармен анықталады:

$$\sigma_{\text{еке}} = \frac{1}{\sqrt{2}} \sqrt{(\sigma_1 - \sigma_2)^2 + (\sigma_2 - \sigma_3)^2 - (\sigma_1 - \sigma_3)^2}; \quad (16)$$

$$\varepsilon_{\text{еке}} = \frac{\sqrt{2}}{3} \sqrt{(\varepsilon_1 - \varepsilon_2)^2 + (\varepsilon_2 - \varepsilon_3)^2 - (\varepsilon_1 - \varepsilon_3)^2}; \quad (17)$$

$$H_{\text{еке}} = \frac{\sqrt{2}}{3} \sqrt{(\xi_1 - \xi_2)^2 + (\xi_2 - \xi_3)^2 - (\xi_1 - \xi_3)^2}. \quad (18)$$

Атальған нәтижелі кернеулар мен деформациялар, кернеулар мен деформациялардың барлық сындарларының мөлшерін көрсететін кешенді көрсеткіш болып саналады. Бұл көрсеткіштер үйкелісіз қарапайым қысқан кездегі бір осыткі деформацияға сәйкес келеді. Осыған ұқсас визуалдау моделінде деформация жылдамдығы нәтижелі деформация жылдамдығы түрінде көрсетілген. Ол нәтижелі деформацияның туындысы болып саналады және $1/c$ өлшенеді.

Аққыш шектің аналогы болып табылатын ағыс кернеуі, әдетте үш көрсеткіштен тәуелді болады: деформация, деформация жылдамдығы және температура. Айтылған кернеу кесте түрінде МПа-мен беріледі және зерттелетін материалдың беріктену қисық сзығы болып танылады. Осы кернеуге әсер ететін көрсеткіштер дайындама көлемінде әркелкі таралатындықтан, ағыс кернеуі де әркелкі болады. Модель тағы да орташа кернеудің сындарларын былай есептей алады:

$$\sigma_{cp} = \frac{\sigma_1 + \sigma_2 + \sigma_3}{3}. \quad (19)$$


Математикалық модельдеу алынатын мәліметтің жоғары дәлдігіне қол жеткізді. Алайда өндеудің аз зерттелген процестерін талдағанда, осы процесті модельдеуге ғана сенім арту дұрыс шешім болып табылмайды. Екінші жағынан тәжірибелік құрамдасты, модельдеу нәтижелерін растау немесе жоққа шығару, ал тағы да зерттелетін технологиялық өндеудің соңғы нәтижелерін талдау деңгейіне дейін қысқартуға болады.

Жоғарыда көрсетілген артықшылақтырыдь ескеріп, МҚФ операцияларын талдағанда кеңінен қолданылатын шеткі элементтер әдісін қолданып, бұрандалы құралда [6] және бойлық-синалы орнақта [7] жолақтарды илемдеу процесін зерттеу жөнінде шешімді қабылдады (сурет 1).

Бұрандалы құралдың жоғарғы пішінблілігінің дөнес пен ойық аймақтары тәменгі пішінбліліктің дөнес пен ойық аймақтарына қарама-қарсы орналасып, айтылған дөнес пен ойық аймақтар бұрамалы сзықты құрады. Бұранданың жанама сзығы мен жанасу нүктесі арқылы өтетін пішінблілік іргесіне перпендикуляры орналасқан сзық арасындағы бұрыш $45^\circ - 60^\circ$ тең. Жоғарғы мен тәменгі пішінбліліктің дөңестері мен ойыстары өлшемі бірдей енге және осыған сәйкесті бәрдей биіктік пен терендікке иемденетінін айта кеткен жөн.

Осы құралда дайындауда илемдегендегенде, жоғары пішінбліліктің жұмысшы беттінің дөңестері тәменгі пішінбліліктің жұмысшы беттінің ойықтарына қарама-қарсы орналасады. Бірінші және келесі өтімдерде илемдеуді мынандай бірлік жаншумен жүзеге асырады (сәйкесті жазылған):

$\varepsilon = \Delta h_B / H_o$ және $\varepsilon = 2\Delta h_B / H_o$ (мұндағы Δh_B - бұрандалы жұмысшы беттер дөңестерінің биіктігі немесе ойықтарының терендігі; H_o - дайындаудың бастапқы биіктігі). Мұндай құралда илемдеген кезде, дайындаудың бойлық және көлденең қималарында таңбасы айнымалы иілудеформациясы пайда болып, дайындаудың барлық кимасы бойынша металдың құрылымы тиімді ұнтақталады. Осылай деформациялағанда, илемдеу барысында түзілетін дөңестер мен ойықтар илемделетін жолақтардың ені бойынша ығысып, дайындаудың қимасы бойынша қосымша макроғысуды тудырады. Қосымша макроғысудың туындауы металдар мен қорытпалар құрылымынң қосымша ұсақталуына әкеледі, яғни сапалы илем алуға қажетті қосымша шарттар орындалады.



1, 2, 3 –басқыш механизмдері жоқ қапастар; 4, 5 – басқыш механизмдері бар қапастар
Сурет 2.1 – Бұрандалы құрал орнатылған ДУО илемдеу орнағы (а) және бойлық-синалды орнақ (б)

Үздіксіз бойлық-синалды орнақ жұмысшы қапастардан, электр қозғалтқыштан, муфтадан, жетексіз тіреу және жетекті жұмысшы пішінбліктерден, тұғырдан, тіреу тақтасынан тұрады. Айнымалы тоқ қозғалтқышынан жетекті алатын қапастардың әрқайсы диаметрі тұрақты болатын жұмысшы және тіреуші пішінбліктерден тұрса да, кезекпен орналасқан әрбір қапастардағы жұмысшы пішінбліктердің диаметрлері илемдеу бағытына қарай біртіндеп кішірейеді, ал тіреуші пішінбліктердің диаметрі керісінше үлкейеді. Бұндай жағдай да пішінбліктердің айналуын дербес муфта, редуктор, тістегершікті қапас пен айналдырығы арқылы жүзеге асырады. Айтылған жұмысшы және тіреуші пішінбліктердің диаметрлері келесі формуламен анықталады (сәйкесті жазылған):

$$D_{i+1} = \frac{h_i \cdot D_i \cdot n_i}{h_{i+1} \cdot n_{i+1}} \frac{(1+s_i)}{1+s_{i+1}}, \quad D_{j-1} = \frac{h_j \cdot D_j \cdot n_j}{h_{j-1} \cdot n_{j-1}} \frac{(1+s_j)}{1+s_{j-1}}; \quad (i = 1, 2, \dots, N; j = N, \dots, 2, 1),$$

мұндағы h_i , h_j – i немесе j қапаста илемделетін жолақ қалындығы; n_i және n_j – i немесе j қапас пішінбліктерінің айналу жиілігі; N – қапастың реттік номері; s_i және s_j – i немесе j қапас пішінбліктеріненметалл шыққан кездегі озу; D_i және D_j – алдыңғы қапастың жұмысшы i және тіреу j пішінбліктерінің диаметрі.

Бір қапас пен екінші қапастың арасындағы жұмысшы пішінбліктердің арасындағы ара қашықтығы берілген ара қашықтықпен салыстырғанда озу шамасына ұлғаятындығын айта кеткен жөн.

Шеткі элементтер әдісімен есептеуді жүзеге асыратын бағдарламалық кешендер қазіргі уақытта кеңінен таралымға ие болды. Олардың арасында аса танымал, сонымен қатар ірі кәсіпорындарында кеңінен қолданылатын MSC.SuperForge кешені болып табылады. Ол МҚӨ операцияларын модельдеу үшін арнайы жасалған және өндірісте, ғылыми қызметте өз қолданысын тапты [8].

MSC.SuperForge бағдарламалық кешенінде шеткі-элементтік модель құрудың негізгі сатыларын талдайық. Есептеу техникасы құралдарымен іске асырылаын шеткі элементтер әдісінің мүмкіндіктері, инженерлер мен ғалымдардың жұмысшы құралдар санын кеңейтті. Алайда шеткі-элементтік модель мен зерттеу нысаны арасындағы айырмашылықты, сонымен қатар қолданылатын бағдарламалық кешенде жүзеге асырылған есептерді шешу алгоритмінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Осылайша, зерттеушінің басты міндеті болып, зерттелінетін нысан жөнінде тексерілген және өзекті деректерді дайындау және өндеу процесінің мүмкіндігінше ықшамдалған және онтайланырылған моделін құру саналады.

Бұрандалы пішінблік пен бойлық-синалды орнақта жолақты илемдегендеге дайындауда пайда болатын КДК өзгерісін модельдеу, ресурсты көп қажет ететін процесс болып табылады. Бұл жағдайда соңғы нәтижеге, дұрыс дайындалған өндеудің шеткі-элементтік моделі әсер етеді. Бұрандалы пішінблікте илемдеу барысында металдың деформациясы белгілі бір деформация ошағында дайындауда илуімен жүреді. Оған қоса, дайындауда деформация ошағында кара-

пайым ығысумен деформацияланады. MSC.Super Forge бағдарламалық кешені бойынша танымал әдебиет [8] негізінде MSC.Super Forge препроцессорын қүйге келтіру мен деректер дайындаудың негізгі сатылары тұжырымдайық.

Дайындаға мен құрал моделін дайындау. Илемдеу процесінің талданатын принципиалды сұлбасы, әзделі жобалау үшін қындықтар тудырмайды. Дайындаға мен құралдар пакеті қарапайым геометриялық пішіндерден тұрады және бастапқы деңгейде олардың арасындағы барлық өзара әрекеттесулерді жазық дайындаға беті мен ойықжерлері бар құралдың жанасуы тәрізді сипаттауға болады. Осыған сәйкес, дайындаға мен құралдың жанасатын ауданы иетін құрал бетінің ауданынан кіші болады. Бұл есептеу кешені үшін жасалатын модель нысанына қосымша шарттарды жүктейді.

Мысалы, визуалды болса да, құрал түрғызы кезінде оның беті толқынды болып көрінеді, алайда шындығында ол, құрал беті бөліктерге бөлінген полигондардан тұрады (CAD – қосымшасына тәуелді). Осылайша, айтылған бөліктерге бөлу сапасына негізделе отырып, MSC.Super Forge препроцессоры полигондар шындарынан ШЭӘ торсызық түйіндерін құрай отырып, дайындағаның шеткі-элементтік торсызығын жасайтын болады. Оған қоса, дөрекі бөлшектеу көп жағдайда фигураны жасанды кішірейте отырып, алынатын фигураның көлеміне әсер етеді. Бұл есептеу дәлдігінәмәндегі тагы бір себебі болып табылады.

MSC.Super Forge бағдарламасын пайдалануши нұсқаулығында, ойық бет үшін көпбұрыш қырларының өлшемі немесе екі көршілес қыр арасындағы бұрыш өлшемі қандай болу керектігі айтылмаған. Алайда, барлық жобалау нұсқаулықтарында ортақ идея көрсетілген – қойылған есептің қанағаттанарлық нәтижелеріне, шешімнің ұқсастығына қол жеткізу үшін, жанасу дағы кемінде шеткі элементтік тордың үш түйінінен тұруы қажет, ал құралда жұмырлану радиусы болған жағдайда – осы радиустың ұзындығы бойымен бір мезгілде кемінде үш тор түйіндері орналасу қажет. Сөйтіп, жобалаган кезде барлық күшті осы шарттардың қамтамаыз етуге жұмсау қажет.

MSC.Super Forge бағдарламалық кешенінде модельдеген жағдайда «дайындаға мен құрал жанасуы» түсінігін нактылау керек. Себебі, бұндай жағдайда препроцессор мен шешуші құрылғыда жанасу туралы өзгеше түсінік бар. Құралда орналасқан тор түйіндері кез келген жағдайда жанасу нұктелері болып табылады. Алайда препроцессор, құралдың бетінен белгілі бір мөлшерге алысырақ орналасқан жанасу нұктелерін қосуға жол беріп, торсызықты дайындауды. Мұндай тәсілдеме есептеу нәтижелерінің жақсы сәйкес келуін қамтамасыз ете отырып, түйісу дағын жасанды ұлғайтуға мүмкіндік береді. Оған қоса, бұл әдіс қалың емес торсызықтың пайдаланылуымен сенімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, шешу уақытын қысқартса алады.

Жоғарыда көрсетілген шектеулер құралдар мен дайындағаның дұрыс геометриясын құруға, сонымен қатар MSC.Super Forge препроцессорында оларды элементтерге бөлінуге қатысты болады, алайда олардың өзара әрекеттесуіне қатысты емес.

Көптеген илемдеу процестері үшін дайындаға мен құралдың өзара әрекеттесу уақыты, орнақ пішінбіліктерінің айналу жылдамдығымен шектелген. Екінші жағынан жаймаларды илемдеу процестерін, дайындаға мен пішінбіліктердің орын ауыстыру жылдамдығы бойынша салыстыруға болады. Бірақта, деформациялау уақытын өзгертуен кезде алынатын жаймада пайда болатын КДК-де айырмашылықтар болмайды. Тек алынатын жайманың ұзындығы ғана өзгереді.

Бағдарламаның шешуші құралының жұмысына, модельдеу кезінде нысандар әрекеттесуінің дұрыс қүйге келтірілуі үлкен әсер етеді. Ең қарапайым жағдай болып бас құралдың таңдалуы саналады. Біз зерттейтін процесте жоғарыда айтылған қатысты қындықтар туындауды. Себебі орнақ тұғырына бекітілген жоғарғы құрал талап етілетін қысу күшімен дайындаған қысады, ал орнақ жетегі оған қозғалыс береді. Пішінбілік мойнының тіректері қатты бекітілген. Алайда жоғарғы құралдың орын ауыстыруын модельдеген кезде мынандай қындықтар туындауды:

- MSC.SuperForge бағдарламасында құралдың орын ауыстыруын белгілі бір жылдамдықпен беруге мүмкіндік бар. Бұл не тұрақты бұрыштық немесе орын ауыстырудың іглерлемелі жылдамдығы, не қыстырылған болуы мүмкін. Сонымен қатар әртүрлі факторларға – пішінбіліктің, тұғырдың және орнақтың өзге ауыр жүктелген элементтерінің серпімді деформациясына тәуелді болатын орын ауыстыруды құруға болады. Алайда бір нысан үшін орын

ауыстырудың тек бір түрін пайдалану ұсынылады. Осылайша, бұрандалыпшінбіліктерде және бойлық-синалы орнақта илемдеуді модельдеу кезінде тік осі бойынша серпімді деформацияны және осы оське қатысты екі пішінбліктің айналмалы қозғалысын ескеру қажет. Мұндай тәсілдеме онтайлы болып келеді;

- зерттелетін илемдеу процесінде, орнақтың илемдеу осі бойымен, бір құралдың екіншіге қатысты орын ауыстыруы нақты анықталмайды. Дайындааманы құралға қысу күші анықталады. Бұндай жағдайда құралға күш шамасы мен оның бағытын берген кезде, шешуші құрылғы әрбір итерацияда берілген күшке сәйкес келетін құралдың орын ауыстыру мөлшерін есептейді. Осылайша, бұрандалы пішінбліктерде илемдеуді модельдеу кезінде илемдеу күші беріледі және пішінбліктердің орын ауыстыру немесе қозғалыс жылдамдығы анықталады;

- дайындаама мен құралдың қысылысатындығынан бас тарту мүмкін болмағандықтан, оны пайдалану бойынша ұсыныстар қосылады. Жаншу мөлшерін белгілеу барысында, уақыт өте дайындаамаға түсетін күш жоғарылап, бірнеше кадам санынан кейін берілген деңгейге шықса жағдай онтайлы болып саналады. Осылайша, дайындаама мен құрал әрекеттесуінің құрт басталуынан КДК-нің бұрмаланған облыстарының туындауын алдын алу болдырмауға болады.

Осылайша, дайындаама мен құралдар пакетінің сауатты құрылған 3D-моделі, олардың өзара әрекеттесуінің дұрыс берілуі және модельдеу үшін қолданылатын бағдарламалық кешенмен дұрыс жұмыс істеудің белгілі бір ұсыныстарын білу, аяқты кезінде алынатын деректер сапасын жоғалтпай, машина уақытын ауқымды қысқартуға мүмкіндік береді. Дегенмен, шынайы өндеге мен оның виртуалды моделімен салыстыруға мүмкіндік беретін кілтті фактор, материалдың механикалық қасиеттері жөніндегі мағлұматтар болып табылады.

Өндөлетін материал жөнінде акпарат жинау мәселесін талқылайық ШЭӨ көмегімен КДК есептеу үшін қолданылатын дене, дайындаама мен құрал модельдері дәлдігін үнемі жақсартуға болады. Зерттелетін материалдардың механикалық қасиеттері әртүрлі балқыманың өзінде әртүрлі болуы мүмкін. Соныңтан, қолданылатын материалға қатысты алынатын деректердің дәлдігін арттыру үшін, тәжірибелі жүргізуін алдында физикалық және механикалық қасиеттерді дәлдеуді және модельдеуде дәлденген деректерді қолдануды талап етеді.

MSC.Super Forge бағдарламасында материал қасиеттерін математикалық бейнелеуге мүмкіндік бар [8]. Сонымен қатар, бағдарлама базасында өнеркәсіпте кеңінен қолданылатын металдар, қорытпалар мен композиттер жөнінде жеке мәліметтер бар. Алайда, модельдеуде дайындаама материалы ағысының анықтамалық қисық сзығын пайдалану, есептеу мен тәжірибе деректерді салыстырған көптеген сұрақтарды тудыруы мүмкін.

Материал құрылымын әртекті орта ретінә қарастырған кезде, қойылған мақсатты бейнелеуге мен шешуге екі тәсілдемені қолдануға болады [2]. Бірінші тәсілдемеде, барлық дайындаама көлемін, қасиеттерін біртекті тұтас орта ретінде бейнелейді. Құрылым әртектілігінің әсер етуімен дайындааманың механикалық қасиеттерінің өзгеруін ескеру үшін, КДК есептеген кезде, тендеуге түзету коэффициенттерін енгізеді. Түзету коэффициенттерін теориялық немесе эмпирикалық жолмен анықтауға болады. Бұл тәсілдеме, есептің шешуін ықшамдауға мүмкіндік береді, алайда пішінөзгерту процесінде кернеу мен деформация таралуын жеткілікті дәлдікпен бағалауға мүмкіндік бермейді.

Көрсетілген кемішілікті екінші тәсілдемені қолдану арқылы шешуге болады. Бұл тәсілдеме бойынша дайындааманың көлемі дискретті орта ретінде қабылданады. Берілген тәсілдеме аясында дайындаама композициялық материал ретінде қарастырылады.

Аққыштық шек пен ағыс кернеуінің деформациядан, деформация жылдамдығы мен температурадан тәуелділігін сипаттау үшін *анықтауыш тәңдеулерді* немесе *анықтауыш модельдерді* пайдалануға болатындығы [3] жұмыстан бізге мәлім. Бұл қатынастардың пішіні, материалдің тәртібін тәжірибелі зерттеу барысында алынған заңдылықтарға негізделген. Материал тәртібінің микромеханикасымен келісілген анықтауыш модельдерді пайдаланған жөн. Бірақта бұл модельдер жеткілікті дәрежеде күрделі болып келеді. Осыған байланысты атым кең таралуды феноменологиялық тәуелділіктер алған.

Соңғы жылдары материалда өтетін микромеханикалық процеске негізделген, таза эмпирикалықтан (яғни аналитикалық қисықпен тәжірибелік деректерді сипаттау) физикалық модельдерге дейін көптеген модельдер саны ұсынылды [9]. Идеалды жағдайда бұл екі тәсілдеме

ортак қатынаспен бір-бірін толықтыру қажет. Ортақ қатнас пластикалық ағысты бақылайтын, атомдық деңгейдегі физикалық процестер мен материалдың шынайы макроскопиялық тәртібін бірдей нақтылықпен сипаттайтын болуы қажет.

Әрине, практикада зерттеушінің негізгі мақсаты болып белгілі бір инженерлік тапсырманы шешу саналады [9]. Сондықтан, дислокациялық микромеханизмдеріне негізделген теориялық талдауға қарағанда, тәжірибелік деректермен және оларды нақты мәселелеге қолдану мүмкіндігімен жұмыс істеу ұтымды деп саналады. Сондықтан эмпирикалық анықтаудың қатынастар үлкен танымалдылыққа иемденген. Дегенмен, физикалық тәсілдеме маңызды болып қалуда, себебі ол берілген эмпирикалық қатынастың негізіне салынған кейбір болжамдарды негіздеуге және оның қолданылуының мүмкін болатын шектерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы жағдайда анықтаудың қатынастарды тұрғызған кезде пайдаланатын эмпирикалық тәсілдемемен аналитикалық функцияны анықтайты [10]. Бұл функция кернеу мен жүктеу көрсеткіштері арасындағы тәжірибелік тәуелділікті баламалы бейнелейді. Егер деформация жалдамдығы мен температураның өзгеру тарихының нәтижесін ескермейтін болсақ, онда ағыс кернеуін σ_s (созу мен қысу үшін) деформация ϵ , деформация жылдамдығы $\dot{\sigma}$ және температураның T кейбір функциясы түрінде жазуға болады:

$$\sigma_s = f(\epsilon, \xi, T). \quad (20)$$

Тәжірибелік жолмен алынған мұндай бет, анықтаудың қатынасты жасау үшін негіз болып табылады.

Поликристалдық металдар үшін анықтаудың қатынастарды тұрғызуудың екі тәсілдемесі көрсетілген [10]. Біріншісі аддитивті сипатқа иемденген (Людвик жұмысынан бастау алған):

$$\sigma_s = f_\mu(\sigma, T) + g_o(\xi, T), \quad (21)$$

мұндағы f_μ – деформациялық беріктендіру функциясы (жалпы жағдайда температураға тәуелді); g_o – релаксация функциясы, деформация жылдамдығының лездік мәні мен температуралық әффектінің әсерін бейнелейді.

Тұтқырлы пластикалық ортадағы анықтаудың қатынастың дифференциалдық түрін Соколовский ұсынған және Мальвернмен модификацияланған [10]:

$$\xi = \dot{\sigma} / E + g(\sigma, \epsilon), T = \text{const}, \quad (22)$$

мұндағы E – Юнг модулі.

Соколовский-Мальверн тәсілдемесіне негізделген инкрементті тұжырымдаманың жалпы түрін Кристеску және Люблинермен ұсынған [10]. Ол келесідей түрге иемденген:

$$\xi = f_c(\sigma, \epsilon) \dot{\sigma} + g_c(\sigma), T = \text{const}, \quad (23)$$

мұндағы f_c лездік илемді жауап деп аталатын шама, ол сзызықты емес болуы мүмкін.

Аналитикалық шешу және сандық есептеуде жиі қолданылатын екінші тәсілдеме, бұл акқыштық бетін мультипликациялық түрде көрсету болып табылады [10].

Ағыс кернеуін жалпы түрде келесідей жазуға болады [10]:

$$\sigma_s = f_1(\epsilon, T) f_2(\xi, T) f_3(T). \quad (24)$$

Осылан ұқсас тұжырымдамалар [2] жұмыста көлтірілген. Алайда мультипликациялық анықтаудың қатынастың ықшамдалған түрі жиі қолданылады:

$$\sigma_s = f_1(\sigma, \epsilon) f_2(\xi) f_3(T). \quad (25)$$

Мұнда деформациялық беріктендірдің, деформация жылдамдығы мен температураның ағыс кернеуіне әсер ету әффектілері өзара тәуелсіз, демек, кернеу жүктеме түсіру жолынан тәуелді болмайды [10]. Илемді деформациялау физикасы тұрғысынан берілген тәсілдеме дұрыс емес болып табылатынын көрсетуге болады. Себебі, деформация мен жылдамдықтан беріктену температурадан тәуелді.

Соңғы жылдары компьютерлік бағдарламаларда жиі қолданылатын қарапайым анықтаудың қатынастарды дәлдеу жұмыстары жасалуда [10]. Көп жағдайда ол, деформация жылдамдығынан (логарифмдік немесе дәрежелік түрі) тәуелді болатын кейбір мүшелерді, температураға тәуелді болатын кейбір мүшелерімен (қарапайым сзызықтық функциялардан экспоненциалды мүшелері бар қатарға дейін) қиыстырудан тұрады.

Джонсон мен Кук [11] жұмыста, үлкен деформацияға, жоғары деформациялау жылдамдығы мен температураға ұшыраған металдар үшін таза эмпирикалық анықтауыш тендеуді ұсынды. Джонсон-Кук моделі кеңінен таралып, өзінің қарапайымдылығы арқасында сандық талдаудың айтарлықтай барлық пакеттерінің материалдар кітапханасында енгізілді.

Джонсон-Кук моделінде Мизес ағысының кернеуі келесі түрде жазылады [11]:

$$\sigma = (A + B \varepsilon_p^n) (1 + C \ln \xi_p^*) (1 - T^{*m}), \quad T^* = \frac{T - T_o}{T_m - T_o}, \quad (26)$$

мұндағы ε_p – эквивалентті пластикалық деформациясы; $\xi_p^* = \xi_3 / \xi_o$ – пластикалық деформацияның өлшемсіз жылдамдығы; $\xi_o = 1.0 \text{ c}^{-1}$; T_0 – салыстырмалы температура және материалдың балқу температурасы (сәйкесті жазылған). Бес материалдық константалар эмпирикалық жолмен анықталады: A , B , n , C и m .

